

ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ КІЛТТЕРИ

Тойбол Қарақат

karakat85@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті қытай филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Нұр-сұлтан, Қазақстан

Жазу – адамның ойын, пікірін таңбалар арқылы жеткізудің бірден-бір жолы. Ол – тілді визуалды түрде бейнеленетін форма. Қытай жазбасы иероглифтік жазба болып саналады. Иероглифтер – бірнеше құрылымдық бөліктерден тұратын жазбаша тілдің бірлігі. Иероглифтер өзге тілдердердегі бірлік – әріп не дыбыс емес, әр иероглиф белгілі бір ұғымды білдіреді. Дегенмен, қытай иероглифтерінің тек қана мағыналық қана емес, сонымен қатар, философиялық та рөлі зор.

Иероглифтік жүйе – қытай мәдениеті мен өнерінің ажырамас, табиғи бөлігі. Кез келген иероглиф екі маңызды құраушыдан тұрады. Олар – иероглифің кілті және фонетигі. Қытай иероглифтерінің кілттері (部首 – bùshǒu) – бұл иероглифтің негізгі бөлігі, графикалық элемент немесе құрделі иероглифтерді құрайтын қарапайым иероглифтер. Олар белгілі бір дәрежеде иероглифтің мағынасын білдіреді немесе оның фонетикалық көрсеткіші бола алады. Иероглифтік кілтті, сондай-ақ, радикал деп атайды. Егер иероглифтің басты кілтін анықтасақ, оны сөздіктен оңай тауып алуға болады.

Қытай тіліндегі кілттердің өзіндік оқылуы мен мағынасы бар, жиңі же кеңириктерде қолданылады. Кілттер негізінен иероглифтің сол, үстіңгі және астыңғы бөлігінде орналасады. Қытай тілінің кілттері – кез-келген иероглифтің маңызды қураушы бөлігі.

Кілттердің жіктелуі

Қытай тілінің кілттері – кез-келген иероглифтің маңызды құраушы бөлігі. Қытай тілінде жалпы 214 кілт бар. Олардың әрқайсының өз мағынасы, оқылуы және сол кілтке қатысты иероглифтер тобы бар.

Кілттерді бүгінгі таңда таяқшалар саны және мағыналарына байланысты екі түрлі жіктеу түрі бар.

1) Кілттердің таяқшалар саны бойынша бөлінісі:

Бір таяқшалы кілттер: | 丿 ノ ホ - 乙 し 丶

Екі таяқшалы кілттер: 八勺ヒント刀リルニ二口 韓国語
十ム十一ニ又

Уш таяқшалы кілттер: ++ 山 行 川 亾 寸 大 飞 干 工 弓 升 广 己 亾 互 巾 口 马 门 宀
女 犭 山 丂 尸 𠂔 壴 土 才 氵 亾 巴 土 口 兮 夕 小 丂 𠂔 戈 尤 夕 子

Бес таяқшалы кілттер: 白々夕甘瓜禾年立龙矛皿母目广鸟皮生石矢示囗田亥穴疋业衣用玉

Жеті таякшады кілттер·
谷 𠂇 魚 克 里 南 姜 身 爻 辛 ䷹ 邑 西 走 足

Сегіз таяқшалы кілттер: 雨 齿 非 金 门 鱼

Тоғыз таяқшалы кілттер:革 韭 面 首 页

Он таяқшалы кілттер: 彤 高 禄

Он бір таяқшалы кілттер: 卤 鹿 麻 鸟

Он екі таяқшалы кілттер: 鼎 黑 黾 蒜

Он үш таяқшалы кілттер: 鼓 鼠

Он төрт таяқшалы кілттер: 鼻 齐

Он бес таяқшалы кілттер: 暴

Он жеті таяқшалы кілттер: 襄 藏

2) Кілттердің мағынасы бойынша бөлінісі:

- Табиғат құбылыстары

Аспан: 日 月 夕 雨 风 气

Жер: 厂 土 山 《水 火 皐 玉 田 石 穴 》口 金

Жануар әлемі

Толық бейнелер: 牛 犬 羊 虎 虫 象 马 鱼 鲈 鸟 鹿 龟 鼠 龙 龟

Бөліктік бейнелер: 丶 爪 羽 角 肉 丶 毛

Өсімдік әлемі: 山 艸 木 瓜 禾 竹 米 糸 韭 麦 粽 麻

- Адам

Толық бейнелер: 人 女 子 尸 父 尤 大 身

Бөліктік бейнелер: 儿 又 口 心 手 曰 止 足 目 耳 自 舌 面 首 齿 骨 鼻

Түстер: 玄 百 色 赤 青 黄 黑

Дәмдік сезімдер: 甘 辛 香 酣

- Адамның туындылары

Құрал, қару, көлік: 刀 匕 工 巾 弓 斗 干 斤 犭 矛 片 丶 瓦 网 禾

Ійдистар мен тағзымға арналған заттар: 豆 禄 鼎 鼓 血 酉 卤 食 臼

Гимараттар мен олардың элементтері: 丶 宀 高 门 戸 广

Иероглиф құрамында семантикалық емес, фонетикалық рөл атқаратын кілттердің мысалдары бар. Мысалы, 非 jǐù «үккіш» кілті 耷 jǐù «нағашы аға» сөзі мен 舊 jǐù «үкі» сөздеріне ортақ кілт болып, оның фонетикалық дыбысталуына әсер етіп отыр. Сонымен қатар, 虎 hǔ «жолбарыс» кілті 虍 hǔ «айқайлау», 鬼 guǐ «елес» кілті 魁 kuí «көшбасшы», 鹿 lù «елік» кілті 麓 lù «тау бектері», 麻 má «кендері» кілті 麻 ta «кішкентай», 羽 yǔ «қауырсын» сөзі 翁 yù «келесі» сөздерінің дыбысталуларына әсер отыр. Жалпы айтқанда, фонетикалық компоненттер иероглифтің тұра дыбысталуын көрсетпейді, бірақ, оның дыбысталуына ұқсас дыбысты білдіруі мүмкін.

Кілттердің фонетикалық компонент ретінде иероглифті окуда келесідей дәрежелері бар:

1. Бірдей дыбысталады, бұл тондарына қатысты. Мысалы:

子 zǐ «бала» кілтіне қатысты мына иероглифте кілт фонетик ретінде қолданылып, 子, 仔, 粽 сөздерінің барлығы да зі ретінде оқылады.

生 shēng «туу» кілтіне қатысты мына 生, 牀, 鳥, 笙 иероглифтер де кілтпен бірдей тонда оқылады [24].

«女» nǚ кілті 女, 钏, 钏 иероглифтерінің мағынасына емес, фонетикалық дыбысталуына әсер етіп отыр.

Келесі кілт – 门 mén «есік». Бұл кілтке қатысты 门, 扌, 钏 иероглифтері де кілт секілді бірдей пиньинмен, әрі екінші тонда дыбысталады.

2. Бұындар бірдей, бірақ тондары әртүрлі. Мысалы:

山 shān «тау» кілтін алып қарайық. Кілтке қатысты иероглифтерде пиньинь бірдей, бірақ 屯 shān сөзінде бірінші тонда, ал 汗, 汗 shàn сөздерінде төртінші тонда қолданылды.

工 gōng «жұмыс» кілтіне қатысты сөздер 贡 gòng, 工 gōng, 錄 gōng секілді әр түрлі тондарда қолданылғанмен, пиньині бірдей.

非 fēi «өтірік» кілтіне қатысты 菲 fēi, 匪 fēi, 肥 fēi, 肺 fēi, 肋 fēi сөздерінде, байқауымызша, тондары әр түрлі.

大 dà «үлкен» кілтімен байланысты 达 dá, 叱 dā, 鞍 dá, 跎 dā иероглифтерінде де бұындар бірдей болғанымен, тондары бірдей емес.

3. Иероглифтің финальдарі бірдей. Мысалы:

湯 tāng мен 傷 shāng сөздерін алып қарайық. Екі сөздің кілті бірдей, бірақ дыбысталуы толық бірдей емес, яғни, тек финальдары ғана.

4. Иероглиф инициальдарі бірдей. Кейбір кілттері бірдей иероглифтердің пиньиндері толық бірдей болмаса да, бірақ, инициальдары бірдей болуы мүмкін [25, 7]. Мысалы: 跤 liàng және 浪 làng сөздерінің кілттері бірдей, бірақ финальдары әр түрлі.

Кей-кезде бір иероглифтің бірнеше кілт астында тізбектелгенін көруіміз мүмкін. Бұндай жағдай көбінесе күрделі иероглиф бірнеше бөліктен тұрса және біз қай бөліктің сол иероглифтің кілті екенін білмей тұрганда орнайды. Мысалы, көп сөздіктер 義 yì иероглифін 羊 yáng «қой» және 戈 gē «найза» кілттерінің астына тізбектейді.

Ең көп сзықтардан тұратын иероглиф «Айдаһардың ұшудағы бейнесі» иероглифін алып қарайық. Құрамында үш «龍» lóng (айдаһар), үш «雲» yún (бұлт) иероглифтері бар. Сонымен, иероглиф жалпы саны 84 сзықтан тұрып, құрамына 3 қайталанатын кілт (龍, 雨, 云) кіреді.



Жеке алып қарағанда, әрбір кілт өзіндік жазылуы мен оқылуы бар қарапайым иероглиф. Бірақ, ол иероглифті құраушы бөлік – кілт ретінде қызметін атқарған кезде формасы өзгеруі мүмкін. Тіпті, кейбір кілттердің бірнеше жазылу формасы бар. Ол кілттің иероглифте орналасуына байланысты, яғни, егер кілт иероглифтің сол бөлігінде орналасса

басқа формада, он, жоғарғы немесе төмен бөлігінде басқа формада жазылады. Мысалы, ‘心 xīn «жүрек» кілтін алып қарайық. Иероглифтің сол бөлігінде † формасында жазылып, кілттің атауы xīnzìpáng болады. Ал иероглифтің төменгі бөлігінде орналасса, өзінің бастапқы формасын сақтап қалып немесе кейде 丂 ретінде жазылып, атауы xīnzìdī болады.

Қытай тілін, қытай тілінің жазбасын үйрену барысында иероглифтердің кілттерін білудің маңызы зор. Себебі, кілттерді білу арқылы, біріншіден, қытай мәдениетімен және халықтың ой-түсінігімен танысуға болады, сонымен қатар, кілт өзі пайда болған дәүірді аңғартады Мысалы, қытай тіліндегі 女 xìng «тегі» иероглифін алып қарайық. Кілті – 女 nǚ, яғни иероглифтің әйел адамына қатысты екенін аңғартады. Иероглифтің екінші бөлігі – 生 shēng сөзі, яғни, «туылу». Неліктен осы екі сөз қосылып, «тек, тегі» деген мағынаны бідіреді? Себебі, иероглиф матриархат заманында пайда болған, ал ол кезде руға, текке бөлініс ана жақтағы туыстардан жүргізілген.

Екіншіден, кілт арқылы иероглифтің мағынасын тауып алуға немесе шамамен болжауға болады. Мысалы, 妈妈, 奶奶, 外婆 сөздерінің кілті бір, барлығы да әйел адамға қатысты екенін білдіріп тұр.

Үшіншіден, кілттердің фонетикалық компонент ретіндегі маңыздылығы туралы айтсақ, онда кілт арқылы иероглифтің оқылуын білуге немесе шамамен болжауға болады. Фонетикалық көрсеткіш ретінде кілттер көбінесе он және төменгі бөліктерде орналасады.

Төртіншіден, кілттердің ең маңызды рөлдерінің бірі – ол иероглифті сөздіктерден оңай тауып алуға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. By T. Қытай иероглифтерінің негізі мен таралуы. Пекин., 1990. – 65 б.
2. Юнь Вэй Ли. Қытай жазуы: Оның қайнары мен эволюциясы. Шығыс Азия университеті. Макао, 1987. – 54 б.
3. Анаргүл Елубай. Қытай тілі әріптік таңбаларының ерекшеліктері .Е.А. Бөкетов атындағы ҚМУ. Қарағанды., 2013. – 4 б.